



Оқу ұжымындағы тұлғааралық қатынастарды зерттеу.



**Қабылдаған: Абдуллина Г
Орындаған: Сайдуллаева Г**



Жоспар:

- 1) Тұлғааралық қарым-қатынаста жүргізілген зерттеулер.
- 2) Балалардың тұлғааралық қатынастардың қалыптасу және даму мәселесі.
- 3) Қарым-қатынас жасау типтері.
- 4) Қатынас ұғымын философтардың айтуынша.
- 5) Я.Л.Коломинскийдің еңбектері.




Тұлға — жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым. Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі.





Психология ғылымында тұлғааралық қарымқатынас мәселесі ХХ ғасырдың басында пайда болады. Осы бағыттағы зертеу жұмыстарының ішінде 1920 – 1930 жылдар аралығындағы В.М. Бехтеревтің рефлексологиялық тұжырымдамасы тұлғааралық қарым-қатынас мәселесіне үлкен әсерін тигізді.

A decorative banner with a blue outline and a white background. The banner is shaped like a ribbon with two folds at the bottom. It is adorned with several large, five-pointed stars and several curved lines of smaller stars. The text is centered on the banner.

Тұлғааралық қарым-қатынастарды талқылау үшін сезім күйлерін білдіру үшін бейвербалды қарым-қатынас қажет. В.А. Лабунская өзінің еңбегінде бейвербалды қарым-қатынастың атқаратын қызметі туралы мәселені жан-жақты қарастырып берді.

Студенттердің қарым-қатынас жасау қабілетін үш түрге бөліп қарастыруға болатындығын Л.А. Перовская, Ю.М.Лотман, М.И. Рыданов және Б.Ф.Ломовтардың еңбектерінен көреміз:






1) Жалғыздыққа бейім өзімен-өзі жүретін студент. Оны айналасындағы құрдастарымен қарым-қатынас жалықтырады. Ол өзімен-өзі жалғыз қалғанда немесе өзі ұнататын ісімен айналысқанда ғана өзін жайлы сезінеді.





2) Жұптасқан қарым-қатынас түріне бейім студент. Оның жанында сенімді досы немесе құрбысы болуы қажет. Ол доссыз немесе құрбысыз толыққанды өмірді сезіне алмайды.

3) Топтық, ұжымдасқан қарым-қатынас түріне бейім студенттер. Мұндай ұжымдасқан немесе бейімділіктеріне қарай топтасқан студенттерден дұрыс бағыттағы салауатты қарым-қатынастағы ұжымдар да, сондай-ақ, қоғамдағы жағымсыз әрекеттерге бара топтар да қалыптасуы мүмкін.



Жоғары оқу орнында оқытушы әр түрлі студенттермен, әр түрлі студент топтарымен араласады, бірлесіп әрекет етеді. Сондықтан оқытушы үшін тұлғааралық қарым-қатынастың теориясын білу маңызды. Тұлғааралық қарымқатынастың заңдылықтары мен феноменін терең меңгерсе тұлғаны жан -жақты дамытуды іске асыра алады.





«**Қатынас**» ұғымын **философтар**
субъект – объект, субъект – субъект
арасындағы байланыс ретінде
қарастырады



Я.Л.Коломинский:
Тұлғалық қатынас
қызығушылықтар,
қажеттіліктер,
талпыныс,
ұмтылыс негізінде
қалыптасады.

Қарым-қатынас – жалпы адам өмір сүруінің негізгі жағдайы. Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай – ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Қарымқатынас арқасында ғана адам өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алады, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгереді. Қоғамнан тыс адам өмір сүре алмайды. Адам психикасының дамуындағы қарым-қатынастың ролі ерекше. Сондықтан адам өзгелермен қатынасқа түсу арқылы ғана қалыпты өмір сүре алады. Сол себепті де студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру маңызды. Қарымқатынас мәдениеті жоғары деңгейде дамыған студент ертеңгі күнгі білікті, іскер маман.

Назарларыңызға
рахмет

